

Құрылатын арнайы экономикалық аймақтың техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 326 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 29 қыркүйекте № 7212 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Құрылатын арнайы экономикалық аймақтың техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті (А.Ж. Серіков) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитетіне (А.Ж. Серіков) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж ә н е ж а ң а т е х н о л о г и я л а р
м и н и с т р і н і ң м і н д е т і н а т қ а р у ш ы А . Р а у
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
И н д у с т р и я ж ә н е ж а ң а
т е х н о л о г и я л а р м и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 6 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 3 2 6 б ұ й р ы ғ ы м е н
б е к і т і л г е н

Құрылатын арнайы экономикалық аймақтың техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Құрылатын арнайы экономикалық аймақтың техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) «Қазақстан

Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Арнайы экономикалық аймақтың (бұдан әрі - АЭА) техникалық-экономикалық негіздемесі Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Талаптарға сәйкес әзірленеді.

2. Техникалық-экономикалық негіздеменің құрылымы

1. АЭА құрудың технико-экономикалық негіздемесі мынандай бөлімдерді қамтиды:

- 1) А Э А т ү й і н д е м е с і ;
- 2) к і р і с п е ;
- 3) м а р к е т и н г т і к б ө л і м ;
- 4) т е х н и к а л ы қ - т е х н о л о г и я л ы қ б ө л і м ;
- 5) э к о л о г и я л ы қ б ө л і м ;
- 6) и н с т и т у т т ы қ б ө л і м ;
- 7) қ а р ж ы л ы қ б ө л і м ;
- 8) э к о н о м и к а л ы қ б ө л і м ;
- 9) ә л е у м е т т і к б ө л і м ;
- 10) А Э А - н ы ң н ә т и ж е л і л і к к ө р с е т к і ш т е р і ;
- 11) А Э А т у р а л ы ж а л п ы қ о р ы т ы н д ы ;
- 1 2) қ о с ы м ш а л а р .

2. «АЭА түйіндемесі» бөлімінде АЭА атауы, АЭА қызметінің негізгі бағыттары, АЭА мақсаттары мен міндеттері, АЭА орналасу орны (шекарасын көрсете облыс, қала), АЭА масштабы, оның ішінде АЭА қуаты, олардың әрбіреуінің құнын көрсете отырып, АЭА компоненттері, болжанатын қаржыландыру көздері мен схемалары, АЭА-ны іске асыру кезеңі сипатталады.

3. «Кіріспе» бөлімінде қолда бар саяси, әлеуметтік-экономикалық, табиғи-климаттық, географиялық, инженерлік-геологиялық және АЭА-ны іске асыру болжанған басқа шарттар сипатталады, оның ішінде халық өмірінің қазіргі және болжанатын деңгейінің көрсеткіштері, инфрақұрылыммен қамтамасыз етуі, АЭА болжанатын орналасу орны мен әсер ету облысын сипаттайтын инвестициялық ахуал және басқа әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері көрсетіледі.

Сондай-ақ, осы бөлімде АЭА-ны құру арқылы толықтай немесе ішінара шешілуі мүмкін проблемелар көрсетіледі.

4. «Маркетингтік бөлім» АЭА-ны іске асыру нәтижесінде өндірілетін (ұсынылатын) өнім (қызмет) түрлеріне қолда бар және перспективалық сұранысты бағалауды (АЭА-ның даму және қалыптасу кезеңінде) көрсетеді.

О с ы б ө л і м :

1) сұраныстың сандық параметрлерінің бағасын және негіздемесін, оның үрдісі мен

өніміне (қызметі) бағасын немесе әлеуметтік қызметтерге қажеттілігіне бағасын білдіретін АЭА құруға сұранысты немесе әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін т а л д а у д ы ;

2) елдің, өңірдің экспорттық әлеуетінің өсуіне АЭА-ның әсерін бағалауды;

3) АЭА-ны қалыптастырумен байланысты өндіріс шикізаты, материалдары мен басқа факторлар нарығын талдауды;

4) АЭА шеңберінде сатып алынатын, тауарлар, жұмыстар және қызметтер бағасын және нарығын талдауды;

5) осы салада қолданыстағы объектілердің жұмысын талдауды, оның ішінде осы салада көрсетілген дамудың негізгі үрдістерін қоса алғанда, бәсекелестікті талдауды;

6) өнімді (қызметті) өткізуге жәрдемдесу жөнінде ұсынылатын іс-шараларды;

7) негізгі тәуекел факторларын, ұзақтық сипатын және өзгерістер диапазонын, қатерлерді төмендету бойынша ұсынылған іс-шараларды айқындайтын, коммерциялық қ а т е р д і б а ғ а л а у д ы ;

8) маркетингтік зерттеулерді өткізуде қолданылатын ақпарат және әдістеме к ө з д е р і н қ а м т и д ы .

5. «Техника-технологиялық бөлім» АЭА-ның құрылымын, АЭА компоненттерінің параметрлерін айқындайтын техникалық шешімін, сондай-ақ оның құнын сипаттай отырып АЭА-ны іске асырудың әр түрлі технологиялық шешімдерін көрсетеді.

О с ы б ө л і м :

1) АЭА-ны іске асыруда әртүрлі технологиялық шешімдерді, олардың басымдығы мен жетіспеушіліктерін, таңдалған нұсқаның негіздемесін талдауды;

2) АЭА-ны орналастырудың орнын таңдауды, шикізаттың көздері мен жеткізушілеріне, өнімдер мен қызметтерді тұтынушыларға, көлік магистралдарына жақындығына, географиялық ерекшеліктеріне қатысты орналасуын негіздейтін А Э А - н ы ң о р н а л а с қ а н ж е р і н ;

3) АЭА жобасының қуаттылығын, АЭА қуаттылығын игеру қарқынының есептік негіздемесін айқындайтын А Э А а у қ ы м ы н ;

4) АЭА-ның өңірдің инфрақұрылымына және бірлескен (аралас) салаларды дамытуға әсерін бағалауды;

5) АЭА орналасатын аумақтың инженерлік құрылыстарымен, яғни көліктік кіреберіс пен құралдар, энергия, жылу, су құбыры мен кәріз, қойма үй-жайларымен қ а м т а м а с ы з е т і л у і н ;

6) уақыты бойынша іс-шаралардың реттілігі мен ұзақтылығын кестелік кескінде көрсете отырып, АЭА-ның іске асыру жылдары бойынша және технологиялық сатылары бойынша инвестициялық кезеңін көрсететін алға қойылған міндеттерді іске асыру кестесін (жоспар-кесте);

7) қатердің негізгі факторларын, болжамды сипаты мен өзгеріс диапазонын, қатерлерді төмендету жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын техникалық

қатерлерді бағалауды қамтиды.

6. «Экологиялық бөлім» АЭА-ны құрудың және жұмыс істеуінің экологиялық аспектілерін көрсетеді.

О с ы б ө л і м :

1) қоршаған орта жағдайына АЭА әсерін бағалауды, АЭА-ны іске асырудан экологиялық зиянды сандық бағалауды және оның зиянды әсерін азайту бойынша болжамды іс-шараларды;

2) өңірдің де, тұтастай алғанда елдің де экологиялық жағдайын жақсарту үшін болжанатын іс-шаралары мен олардың сандық сипаттағы нәтижесін;

3) қатердің негізгі факторларын айқындайтын экологиялық қатерлерді бағалау, болжамды сипаты мен өзгеру диапазоны, қатерлерді азайту бойынша болжамды іс-шараларды қамтуы тиіс.

7. «Институттық бөлім» АЭА-ның өміршеңдік кезеңінің өң бойында басқарудың құқықтық негіздерін, құрылымы мен қаржылық шығындарын бағалауды, сондай-ақ қаржыландыру көздерін сипаттай отырып, басқару сызбасын қамтиды. Жаңа институттық сызбаны жасаған жағдайда, балама нұсқаларды келтіре отырып, осы сызбаны жасаудың егжей-тегжейлі негіздемесін көрсету қажет.

8. «Қаржылық бөлім» АЭА-ның балама кестелері мен қаржыландыру көздерін бағалаумен қатар қаржылық шығындар мен кірістерді бағалауды қамтиды.

О с ы б ө л і м :

1) инфрақұрылым объектілерінің құрылысына арналған шығындарды қоса алғанда, АЭА құруға арналған болжамды шығындарды бағалауды;

2) жалпы инвестициялық шығындарды есептеуді, қаржыландырудағы қажеттіліктерін бөлуді;

3) өндірістік шығындарды (пайдалану шығындарын) есептеуді;

4) м ы н а л а р д ы :

- қаржылық бағалаудың қарапайым әдістерінің, оның ішінде өтімділік мерзімін, табыстың қарапайым нормасын, берешекті жабудың коэффициентін есептеудің көмегімен АЭА-ның талдауын;

- дисконттау әдістерінің, оның ішінде дисконтталған таза табысты (Net Present Value – NPV), табыстылықтың ішкі нормасын (Internal Rate of Return – IRR), дисконтталған пайда мен шығынның ара қатынасын (Benefits/Costs – B/C), өтімділіктің дисконтталған мерзімін есептеу арқылы АЭА-ның талдауын;

- қаржыландыру мен олардың балама нұсқаларының сызбаларын, көздерін, шарттарын талдауды;

- қатердің негізгі факторларын айқындайтын қатерлерді қаржылық бағалауды, болжамды сипаты мен өзгеру ауқымын, тәуекелдердің төмендеуі бойынша болжамды іс-шараларын АЭА қаржылық талдауын қамтитын АЭА қаржылық талдауын қамтиды.

9. «Экономикалық бөлім» тұтастай республика (өңір) экономикасының тұрғысынан

алғанда АЭА құрудың талдауын көрсетеді.

О с ы б ө л і м :

- 1) өңірдің АЭА-мен және АЭА-сыз экономикалық жағдайын;
- 2) экономикалық пайда мен шығынды, оның ішінде нәтижелердің талдауын, салдарлары мен әсерлерін, шығындар мен өлшенбейтін пайданың тиімділігін талдауды, өсірілген пайда мен шығынды, тұтынушының қосымша пайдасын, қайтымсыз шығында, сыртқы әсерді, халықаралық әсерді, жанама пайданы бағалауды;
- 3) неғұрлым аз шығынды талдауды;
- 4) АЭА-ның бюджеттік тиімділігін есептеуді;
- 5) АЭА-ның экономикалық тиімділік көрсеткішін, оның ішінде экономикалық дисконтталған таза табысты (Economic Net Present Value – ENPV) және экономикалық табыстылықтың ішкі нормасын (Economic Internal Rate of Return – EIRR) қамтиды.

10. «Әлеуметтік бөлім» АЭА-ның әлеуметтік аспектілерін және бенефициарлары бойынша АЭА-ның міндеттерін іске асырудан түсетін пайданы көрсетеді.

О с ы б ө л і м :

- 1) халықтың әлеуметтік-мәдени және демографиялық сипаты тұрғысынан алғанда АЭА-ны құрудың негіздемелігін;
- 2) еңбек ресурстарындағы АЭА-ның қажеттілігін және оның халықты жұмыспен қамтуға әсерін;
- 3) тиісті біліктіліктерді еңбек ресурстарымен нақты қамтамасыз етушілігін;
- 4) қызметкерлер мен мамандарды оқыту мен қайта даярлаудың қажеттілігін;
- 5) еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасының нормаларын;
- 6) халықтың өмір деңгейінің көрсеткіштерін есептеуді (демографиялық көрсеткіштер, халықтың табыстары, жұмыспен қамтудың деңгейі, білім деңгейін арттыруға әсері және т.с.с.);
- 7) қатердің негізгі факторларын айқындайтын әлеуметтік тәуекелдерді бағалау, болжамды сипаты мен өзгеру диапазоны, қатерлерді азайту бойынша болжамды іс-шараларды қамтиды.

11. «АЭА-ның нәтижелілік көрсекіштері» бөлімінде АЭА-ның жұмыс істеуінің негізгі экономикалық, қаржылық және басқа көрсеткіштер көрсетіледі. Осы көрсеткіштер АЭА-ның құру мақсаттарына қолжеткізу нәтижелерінен, АЭА-ны құруға болжанатын дамыту үшін экономиканың салаларының ерекшеліктерінен, сондай-ақ АЭА-ны құруға болжанатын аумағының өңір ерекшеліктерінен шыға отырып жазылды.

12. «Жалпы қорытынды» бөлімінде АЭА-ның негізгі құндылықтары мен жетіспеушіліктері, АЭА-ны іске асырудың оңтайлы нұсқаларын таңдау бойынша түйіндер мен қисынды сипаттау, АЭА-ны құру жобасы бойынша негізгі қатерлер, басқа да қорытындылар беріледі.

13. АЭА-ның техникалық-экономкалық негіздемесіне «Қосымшалар» бөлімі

АЭА-ны іске асырудың әрбір қаралатын нұсқалары бойынша қаржы-экономикалық моделін, шығыстар кестесін, қырқын, өтімділік сызбасын, диаграммаларды, суреттерді, жергілікті жердің картасы мен басқа да материалдарды және АЭА-ның техникалық-экономкалық негіздемесінде келтірілген ақпараттарды растайтын және ашатын құжаттарды қамтиды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК